08:30-08:55	**Таңғы ас. Жауапты - тәрбиешілер (3,5 топ) «Круг радости и добра»(1,2,4 топ)**				
09:00-9:35	**Дәрумен тарату, 4 блоктың сан. жағдайын тексеру – аға мейірбике** Таза ауада серуендеу	**5 блоктың сан. жағдайын тексеру – аға мейірбике** «Мен Бөбекті жақсы көремін» эссе	**3 блоктың сан. Жағдайын тексеру – аға мейірбике** «Жайдарлы Бөбек» фотосессия	**Емдік шара сан. жағдайын тексеру – аға мейірбике** Емдік шаралар (физиотерапия; галотерапия)	**Асхананың сан-гигиеналық жағдайын тексеру-диетсестра** «Мен Бөбекті жақсы көремін» эссе
09:40 - 10.15	**Жеке физио емдік шаралар** Емдік шаралар (физиотерапия; галотерапия)	Жеке физио емдік шаралар «Жайдарлы Бөбек» фотосессия	**Дәрумен тарату** «Мен Бөбекті жақсы көремін» эссе	**Жеке физио емдік шаралар** «Мен Бөбекті жақсы көремін» эссе	Дәрігердің бақылауы Шашки ойыны.
10.30 – 11.00.	**Екінші таңғы ас Терренкур. Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас Терренкур. Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас Терренкур. Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас Терренкур. Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас Терренкур. Медбике/тәрбиеші**
11.05-11.40	**Дәрігердің бақылауы** «Мен Бөбекті жақсы көремін» эссе	Дәрігердің бақылауы Үстел үсті ойындары	**Дәрігердің бақылауы** Емдік шаралар (физиотерапия; галотерапия)	**Дәрумен тарату** «Жайдарлы Бөбек» фотосессия	**Жеке физио емдік шаралар** «Жайдарлы Бөбек» фотосессия
11.45-12.20	**физио кезекші медбикежеке емдік шаралар** «Жайдарлы Бөбек» фотосессия	**Дәрумен тарату** Емдік шаралар (физиотерапия; галотерапия)	физио кезекші медбикежеке емдік шаралар Таза ауада серуендеу	**физио кезекші медбикежеке емдік шаралар**	**Дәрігердің бақылауы** таза ауада серуен
12.30-13.00	**Түскі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (1, 3,4 топ) Шағым бойынша қабылдау (1, 2, 4 топ)**				
13.00-13.25	**Түскі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (2, 5 топ) Шағым бойынша қабылдау (3, 5 топ)**				
13.30-15.00	**Күндізгі ұйқы.Жауапты - топ тәрбиешілері.**				
15.00- 15.30	**Екінші түскі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері**				
15:40 - 17:00	**Таза ауада серуен. Дала ойындары**				
17.00-17.35	**Шунгит терапия (4 топ)**				
17.40-18.10	**Кешкі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (1,3,4 топ) Шунгит терапия (5 топ)**				
18.10-18.40	**Кешкі ас.Жауапты- топ тәрбиешілері (2, 5 топ) Шунгит терапия (2 топ)**				
19.30-19.40	**Екінші кешкі ас, Жауапты - топ тәрбиешілері (1,2, 4 топ) Шунгит терапия (3 топ)**				
19.45-19.55	**Екінші кешкі ас, Жауапты -топ тәрбиешілері (3,5 топ) Шунгит терапия (1 топ)**				
12.00-22.00	**Балаларды вокзалдарға кестеге сәйкес шығарып салу**				

Оқу-сауықтыру кешенінің директоры **А.Т. Маденова**

БЕКІТЕМІН
«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені
директоры
Маденова А.Т.

«Менің жасыл әлемім!» жобасы

Жетекші: Садуова Б.С.
Орындаған: Егем Б.А.

Алматы 2025ж

🌿 ЖОБА: «Менің жасыл әлемім!»

Жобаның мақсаты:

Оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, жасыл өсімдіктердің маңызын түсіндіру және өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беру.

Жобаның міндеттері:

- Оқушыларды өсімдіктердің түрлерімен және олардың тіршілік ортасымен таныстыру
- Табиғатты аялауға тәрбиелеу
- Жылыжайдағы экологиялық тепе-теңдік пен өсімдіктерге күтім жасау жолдарын үйрету
- Шығармашылық қабілетті дамыту (сурет салу арқылы)
- Командалық жұмысқа баулу

Жобаның кезеңдері:

1-кезең: Ақпараттық-дайындық кезеңі

- "Жасыл әлем" ұғымымен таныстыру
- Табиғатты қорғау және өсімдіктердің маңызы туралы тәрбие сағаты
- Жылыжай деген не? Оның маңызы неде? тақырыбында әңгіме өткізу

2-кезең: Жылыжайға саяхат

Өткізу уақыты: 25.07.2025ж
Орны: «Бөбек» орталығының жылыжайы
Мақсаты:
Оқушыларды нақты өсімдіктермен таныстыру, олардың өсу ортасын көру, күтім жасау жолдарын бақылау.
Қызмет түрлері:

- Жылыжай ішін аралау
- Өсімдіктердің атауын, түрін жазып алу
- Жылыжай қызметкерлерінен сұхбат алу
- Фото және видео түсірілім жүргізу

«Бөбек» ішіндегі жасыл әлем

Қазақстанның әр аймағынан келіп бір ортаға жиналған балалардың бір-бірімен жақсы қарым - қатынас орната алуы, жаңа ортаға үйреніп, жағымды қабылдай алуыда өте маңызды. Осыны ескере отырып, таныстықтың алғашқы сәттерінен бастап балалар «Бөбек» орталығының табиғатын тамашалап, орталық жылылыжайына саяхат ұйымдастырылды. Онда көптеген таңғажайып, әдемі және ерекше өсімдіктермен танысып, оларды баптап-күту ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар алды. Бұндай іс- шара оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, экологиялық сауаттылық мәдениетін калыптастыруға бағытталады





3-кезең: Шығармашылық көрме – Сурет байқауы

Тақырыбы: “Менің жасыл әлемім!”

Мақсаты:

Оқушылардың көрген-білгендерін сурет арқылы бейнелеу, шығармашылық қабілетін дамыту.

Байқау шарттары:

- Жеке қатысу
- Сурет А4 немесе А3 қағазында
- Суреттің астына қысқаша сипаттама жазу
- Бағалау критерийлері: тақырыпқа сәйкестік, көркемдік шешім, эстетикалық талғам, креативтілік

Қорытындылау:

- Жеңімпаздарды анықтау
- Диплом, сертификаттар табыстау
- Мектеп фойесіне суреттер көрмесін ұйымдастыру

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар экологиялық сауаттылықты меңгереді
- Табиғатқа деген сүйіспеншілік артады
- Өсімдіктер жайлы білімдерін кеңейтеді
- Шығармашылықпен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады
- Қоғамдық іс-шараларға белсенділік танытады





Қорытынды:

«Менің жасыл әлемім!» жобасы арқылы оқушылар тек табиғатты танып қоймай, оны аялау мен қорғаудың маңызын түсінеді. Сонымен қатар, бұл жоба олардың шығармашылық қабілетін дамытуға, табиғатпен байланысын тереңдетуге үлкен септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасының
оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Сәнқой арулар!» қыздар арасындағы
сән байқауы
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Дәрушова Ә.Б.

Өткізілетін күні: 23.06.2025 ж.
Өткізілетін уақыты: сағат 18:35
Өткізілетін жері: Холл
Қатысушылар: 2025 жылдың 7 - ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері
Мақсаты: Қыз балалардың эстетикалық талғамын, сәнге деген көзқарасын қалыптастыру, ұлттық киім мен заманауи стильді үйлестіре білетін өнерлі, шығармашыл қыздарды анықтау. Қатысушылардың өзін-өзі ұстау мәдениетін, сахнада сөйлеу, жүру және киіну мәдениетін дамыту. Қыз баланың нәзіктігін, инабаттылығын, сұлулығын дәріптеу
Міндеті:
- Қыз балалардың киім үлгілеріне деген шығармашылық көзқарасын қалыптастыру;
- Қатысушыларды сән мәдениетімен таныстыру және эстетикалық тәрбие беру;
- Қыздардың сахнада өзін еркін, сенімді ұстау қабілетін дамыту;
- Салт-дәстүрді, ұлттық киім элементтерін таныстыру арқылы ұлттық сана қалыптастыру;
- Қоғамда белсенді, сәнге сауатты, жан-жақты тұлға тәрбиелеуге үлес қосу.

Қажетті құрал - жабдықтар: музыкалық аппарат, музыкалық сүйемелдеу, микрофондар, планшет, сценарий

Іс - шара барасы

Фанфар ойнайды, жүргізуші шығады

1-жүргізуші:
Сәлеметсіздер ме, құрметті көрермендер!
Көңіл-күйді көтерер – сәнді сәттер!
«Сәнқой арулар!» байқауына қош келдіңіздер,
Сұлулық пен сәнге толы кеш біздерді енді күтер!

2- ведущий:
Добрый вечер, дорогие гости!
Сегодня праздник красоты и моды!
Наш конкурс — это стиль, грация, образ,
Ведь каждая участница — модная звезда!

1-жүргізуші: Сахнаға байқауымыздың қатысушы қыздарын ортаға шақырамыз!
1-отряд: Бадаршинова Эльзара
2-топ: Айбекқызы Еркеназ
3-топ: Егізбай Іңкәр
4-топ: Қыстаубай Айым
5-топ: Мұханғали Аяулым

◆ I кезең / I этап – Таныстыру / Презентация

1-жүргізуші:
Бірінші кезең – өзін таныстыру,
Армандарын айтып, оймен шабыттандыру.
Көрерменге кім екенін танытсын,
Өнері мен мақсатын ашып айтсын!

2- ведущий:
Первый этап — это знакомство!
Наши красавицы расскажут о себе: чем увлекаются, чем занимаются и чем интересуются, пусть каждая смело нам представится!

(Қатысушылар таныстырылады / Участницы выходят и рассказывают о себе)

◆ II кезең / II этап – Қолдан жасалған киім / Показ авторской одежды

1-жүргізуші:

Келесі кезең – киімдер көрсетілімі,
Өнер мен қолөнердің бейнесі, көрінімі.
Қолмен тіккен, оймен құрастырылған сән,
Әр қыздың жүрегінен шыққан үлкен арман!

2- ведущий:
А теперь — показ модной одежды!
Придуманные и созданные своими руками
Креатив, стиль, идеи, замысел, вкус —
Большая мечта, исходящая из сердца каждой девочки!

(Дефиле киіммен / Показ мод с комментарием участниц)

◆ III кезең / III этап – Макияж және шаш үлгісі / Макияж и прическа

1-жүргізуші:
Сұлулықты толықтырар макияж бен шаш,
Қыз баланың көркін арттырар нағыз сән-шаш!

Бойжеткендер он бес минут ішінде,
Көрсетсін шеберлігін дәл осы сәтте.
2- ведущий:
Следующий этап — макияж и прическа!
Пусть проявится здесь творческая роскошь!
15 минут — на волшебное превращение,
Ведь макияж — это тоже самовыражение!

(Қыздар макияж жасап, шаш үлгісін көрсетеді / Девушки делают макияж и прическу

♦ IV кезең / IV этап – Сұрақ-жауап / Вопрос-ответ

1-жүргізуші:
Соңғы кезең – ой мен білімнің алаңы,
Кім тапқыр, кім жылдам – байқалар бағасы.
Сұрақтар дайын – сән, тәрбие, сұлулық жайлы,
Жауаптар болсын шынайы, толық, ойлы!

2- ведущий:
Финальный этап — это интеллект!
Вопросы о стиле, о вкусах, о жизни — респект.
Ответы пусть будут быстры и честны,
Мы узнаем, кто же среди них умны!

(Сұрақ-жауап өтеді / Проходит блиц-викторина)
Сұрақтар:
1. Қазақ қыздарының зергерлік бұйымдары
2. Қазақтың ұлттық ыдыс-аяқтары
3. Жеті қазынаны атаңыз
4. Қазақтың ұлттық аспаптарынан 5-ін атаңыз.
5. Қазақ күйшілерін ата
6. Ұлттық ою түрлері
7. Киіз үйдің жабдықтарын ата.
8. Қазақ батырларының қарулары.
9. 10 мақал-мәтелдер айтыңыз.
10. Абайдың қара сөздерінен біреуін айтып беріңіз.

🏆 Қорытынды / Подведение итогов

1-жүргізуші:
Сайыс бітті, толы болды сезімге,
Сән мен сұлулық еніп кетті көзіме.
Қазылар әділ шешімін береді,
Кім озар, кім жеңер — сәлден соң белгілі болады.

2- ведущий:
Вот и подошёл к финалу наш бал,

Каждая участница себя показала как могла.
Слово — уважаемому жюри,
Пусть выберут достойных, с любовью и добрыми словами внутри.

(Жеңімпаздар жарияланады / Объявление победителей)

Марапаттау сәті:

- "Сән шебері" Егізбай Іңкәр
- "Үздік киім дизайны" Мұханғали Аяулым
- "Ең нәзік образ" Айбекқызы Еркеназ
- "Креативті сәнқой" Бадаршинова Эльзара
- "Көрермен көзайымы" Қыстаубай Айым

❁ Қоштасу сөзі / Заключительное слово

1-жүргізуші:
Бүгінгі кеш – сән мен сұлулықтың мерекесі,
Қыздарымыз – нағыз нәзіктік пен өнер иесі.
Келесі кездескенше, достар, сау болыңыз,
Қыздарымыздай сымбатты да шат болыңыз!
2- ведущий:
Сегодня мы увидели грацию и стиль,
Каждая из участниц — словно красивый штиль.
Пели мы и танцевали, Как могли, вас развлекали!
До свиданья! В добрый час!
Ждем еще на праздник вас!

Қазақстан Республикасының оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО Оқу - сауықтыру кешені

"Өлең – сөздің патшасы" атты Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған Абай оқуларының СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Мамбетбаева Раушан

Өтетін күні: 26.06.2025 ж.
Өтетін жері: Холл ОСК
Өтетін уақыты: 15:00
Қатысушылар: 2025 жылдың 7 - ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым

Мақсаты:

- Абай Құнанбайұлының шығармашылығын насихаттау;
- Оқушылардың мәнерлеп оқу дағдысын арттыру, көркем сөз шеберлігін дамыту;
- Рухани құндылықтарды бойына сіңірген, ойлы, зерделі ұрпақ тәрбиелеу.

Көрнекілігі:

Абай портреті, кітап көрмесі, қара сөздерден үзінді, дәйексөздер, безендірілген сахна.

ІС-ШАРА БАРЫСЫ

I. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиешінің алғы сөзі:

I. Алғы сөз (Тәрбиеші – Мамбетбаева Раушан)

Құрметті ұстаздар мен жас оқырмандар!

Бүгін біз қазақ халқының маңдайына біткен дара тұлғасы – Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Өлең – сөздің патшасы» атты әдеби оқуларда бас қосып отырмыз. Бұл – ұлт руханиятының ұлы тойы!

Абайдың мерейтойы бүгінде еліміздің барлық өңірлерінде, балабақшадан бастап жоғары деңгейде аталып өтуде. Себебі Абай – тек қазақ халқының ғана емес, барша адамзаттың ортақ рухани мұрасы. Біз де «Бөбек» оқу-сауықтыру кешені ұжымы ретінде осы шара арқылы еліміздегі ұлы мерекеге өз үлесімізді қосуды мақсат еттік.

Абай – халқымыздың рухани жұлдызы, қазақтың сөз өнерін биікке көтерген данышпан, ақын, ойшыл-философ, аудармашы, ұстаз, ағартушы. Шығыс пен батыс әдебиетін терең меңгеріп, орыс, араб, парсы тілдерінде оқып, әлем классиктерінің туындыларын қазақ тіліне аударған тұңғыш аудармашылардың бірі. Абай қара сөздері арқылы халқына парасаттың, адамгершілік пен рухтың биік өлшемін ұсынған ойшыл тұлға. «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» сынды сырлы әндердің авторы ретінде жүрекке жол тапқан сазгер. Бала Абай Құнанбайдай әкеден әділдік пен парасатты үйренсе, Ұлжандай ақылды, сабырлы ананың ақ сүтімен мейірім мен махаббатты тең алып ержетті, Зередей көреген әжеден ұлттың ертегісі мен нақылын тыңдап, бойына даналықты сіңіріп тәрбиеленді. Сондықтан да бүгінгі байқау — сіздердің жүректеріңізге Абайдың асыл сөзін жеткізіп, бойларыңызға рухын сіңіретін тағылымды сәт болсын!

Сіздерге шабыт пен сенім, рухани қуат пен шынайы толғаныс тілейміз!

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы, – деп ақынның өзі айтқандай, бүгінгі даналық пен өнер бәсекесі баршаңызға шабыт сыйласын!

Добрый день уважаемые педагоги и друзья!

В августе этого года нам предстоит празднование прекрасной юбилейной даты- 180 летие со дня рождения великого казахского поэта Абая Кунанбаева.

Абай Кунанбаев - казахский поэт, философ, композитор, просветитель, мыслитель, общественный деятель, основоположник казахской письменной литературы .Семья Абая была потомственно аристократической, и дед и прадед главенствовали в своем роду в качестве правителей и биев. Ему повезло в смысле семейного уюта и домашнего воспитания, поскольку и мать Улжан и бабушка Зере были чрезвычайно обаятельными и одаренными натурами. Имено с легкой руки матери данном отцом имя «Ирагим» было заменено на ласкательным «Абай», что озночает «осмотрительный и вдумчивый». Под этим именем он прожил всю свою жизнь и вошел в историю.

(Мұғалімнің толық сөзі жоғарыда келтірілген түрде оқылады.)

II. Өлеңмен ашылу – «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» (Ұжымдық оқу)

1-бала: Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...
2-бала: Көкірегі сезімді, тілі орамды...
(3–4 бала өлеңді жалғастыра оқиды. Сахнаға топпен шығу)

III. Абай шығармаларын мәнерлеп оқу сайысы

Қатысушылар мен шығармалары:

1 - топ
1. Плужник Анна «Слова назидания»
2. Бадаршинова Эльзара «Слова назидания»

2- топ
1. Болатова Айзере «Сегіз аяқ»
2. Серікбек Інжу «Ғылым таппай мақтанба»
3. Болат Тамерлан «7-қара сөз»

3 - топ
1. Жанарбек Дариға «Күз»
2. Рүстем Исмайл «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»

4 -топ
1.Қайырболат Айбике «Бойы бұлғаң» өлеңі
2.Сарсенбай Ерасыл «Абайдың 15-қара сөзі»

5 -топ
1.Нұрбекқызы Аяулым «Ғылым таппай мақтанба»
2.Мұханғали Аяулым «Есіңде бар ма жас күнің?»

IV. Музыкалық үзіліс:

Ән – «Желсіз түнде жарық ай»
(Орындайтын хор)

V. Қорытынды сөз (Тәрбиеші – Мамбетбаева Раушан)

Жыр алыбы Абайды оқи отырып, біз оның тереңіне бойлап, биікке көтерілеміз. Абай оқулары – тек байқау емес, ол – рухани өсу жолы.

Жыр мен ой тоғысқан бұл байқаудан алған әсер әр оқушының жүрегінде Абай сөзімен бірге ұзақ сақталмақ.

Жас ұрпақтың бойында ұлттық рухты оятатын — осындай мағыналы, тәрбиелік мәні бар байқаулардан балалар шыңдалып, білімге, өнерге, поэзияға деген құштарлықтарын арттырары сөзсіз.

Абай — қазақпен бірге жасай бермек!. Бүгінгі оқушылардың жүрекпен оқыған жырлары Абай рухын тағы бір мәрте тірілткендей болды. Оның мұрасы – жас ұрпақтың жүрегінде!

VI. Марапаттау сәті

ЖЕҢІМПАЗДАР ТІЗІМІ:
Гран-при: Сарсенбай Ерасыл

1-орын

- **Мұханғали Аяулым**
- **Болат Тамерлан**
- **Қайырболат Айбике**
- **Бадаршинова Эльзара**

2-орын

- **Нұрбекқызы Аяулым**
- **Болатова Айзере**
- **Жанарбек Дариға**

3-орын

- **Серікбек Інжу**
- **Рүстем Исмайл**
- **Плужник Анна**

Соңы: Әдеби байқау кезінде барлық қатысушы балаларға мадақтама қағаздары табысталып, олардың өнері мен талпынысы құрметпен аталып өтілді.

Спасибо всем участникам! До следующей встречи, друзья!

Барша қатысушыларға алғысымыз шексіз! Келесі кездескенше достар!

Қазақстан Республикасының
оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Ару Астанам – мәңгілік елордам! » атты мерекелік кеш
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Коккузова А.А

Өтетін күні: 06.07.2025 ж.
Өтетін жері: ОСК
Өтетін уақыты: 18:35
Қатысушылар: 2025 жылдың 7- ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері
Мақсаты: Балаларға еліміздің бас қаласы – Астана туралы мәлімет беру. Астана туралы деректермен білімін дамыту, оқушылардың ой - өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тіл байлықтарын дамыту. Қазақстан Республикасының орталығы Астана қаласын мақтан тұта білуге тәрбиелеу және Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, елжанды азамат болуға тәрбиелеу.
Міндеті:

- командалық дағдыларды қалыптастыру;
- сахна мәдениетіне тәрбиелеу;

Қажетті құрал - жабдықтар: Астананың көрікті жерлерінің суреттері, қанатты сөздер, музыкалық аппарат, музыкалық сүйемелдеу, микрофондар, планшет, сценарий.
Жүргізушілер: 1. Наукеева Қарақат
2. Молотков Ростислав
Кіріспе: Астана – еліміздің бас қаласы. Тәуелсіз Қазақстан – байтақ еліміздің астанасы. Астана – Еуразияның нағыз географиялық кіндігінде орналасқан. Қаланың астана ретінде тұсауы кесілген күн – 1998 жылы 10 маусым. Қаланың негізі 1932 жылы қаланған. Ол Ақмола деп аталған. 1968 жылы Целиноград болып өзгертілді. 1992 жылы қалаға тарихи атауы қайтарылды. Астана – Қазақстанның жаңа қаласы. Оның шекарасы 710 шаршы шақырым. Тоғыз жолдың торабында, Республика территориясының төрінен орын тепкен.
Астана күн сайын, сағат сайын өркендеп өсіп келеді. Шетелдік қонақтар оны дүниенің сегізінші кереметіне теңеп «інжу маржан» деп бағалауда. Есіл өзенінің сол жағында, Қазақстанның жаңа астанасына жарқырай енген, жаңа астананың символы алып «Бәйтерек» монументі (биіктігі 97 метр) рухы жағынан да, мағынасы жағынан да бізге, яғни қазақ халқына барынша жақын.

Бәйтерек – Астананы құс ұшатын биіктіктен көрсетеді. Шардың ішінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың оң қолының таңбасы бар үшбұрышты күміс бойтұмар орналасқан. Ал «Думан» ойын - сауық орталығында әлемде теңдесі жоқ, ішінде акула, сегіз аяқ, жайын, скат, қылышбалық, бекіре сияқты неше түрлі балықтар жүзіп жүрген мұхиттық аквариум. Кешенде «Джунгли» аттракционы, интерактивті ойындар зонасы, аквапарк бар. Қалада Ұлттық академиялық кітапхана, оқу орындары, Елбасы отыратын Ақ Орда, Тәуелсіздік сарайы бар. Сүйікті Елордамыз Астана қаласы болашақтың қаласы көз алдымызда өсіп келеді.

Іс - шара барасы

Фанфар ойнайды, жүргізуші шығады

Хор:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалады!

Жүргізуші 1:

Қайырлы күн, құрметті қатысушылар мен көрермендер! Сіздерді **«Ару Астанам – мәңгілік елордам!»** атты меркекелік кеште көргенімізге қуаныштымыз.

Ведущий 2:

Добрый вечер, дорогие гости и друзья! Мы рады приветствовать вас в этот праздничный день. Торжественный концерт, посвященный дню столицы Астаны считается открытым.

Жүргізуші 1:

Армысыздар ардақты ұстаздар, дәрігерлер, оқушылар! Жаңалық пен жаңашылдықты, шынайы талантты, нағыз өнерді сүйетін барша көрермендерге жалынды сәлем!!!

Ведущий 2: Уважаемые учителя, врачи, ученики!

Пламенное приветствие всем зрителям, которые любят инновации и новаторство, настоящий талант, настоящее искусство!!!

Жүргізуші 1:

Бұл әні мен сәні, күйі мен биі үйлескен **«Ару Астанам-мәңгілік елордам!»** Ендеше біз бастаймыз !

Ведущий 2:

Гармония песни и красоты, кюйя и танца —
«Прекрасная Астана, моя вечная столица!»
Ну что ж, мы начинаем!

Жүргізуші 1: Бірінші болып, сахнаға топтық хор «Астана» әні! Қошеметпен қарсы алыңыздар!

(4-топ қыздардың орындауында.)

Ведущий 2: ***Встречаем!*** На сцене хоровой коллектив с песней «Астана»!

(4- топ.)

Ведущий 2: Астана — любимый город не только ее жителей, но и всей страны в целом. Многие поэты посвятили ей свои поэтические строки, восторгаясь ее удивительной современной красотой и стойкостью к переменам. Примите стихи наших поэтов-писателей, посвященные Астане!

Жүргізуші 1: Астанаға байланысты ақын-жазушыларымыздың өлең-жырларын қабыл алыңыздар!

1-оқушы: Мухамеджанова Виктория
Туған елдің көркі неткен ғажайып?!
Дала күйін шертейік, біз қала жырын жазайық.
Жерұйығы Сарыарқаның даласы
Арман қусаң Астанаға қарашы.
2-оқушы: Бүркіт Айбар
Бабалардың көзіндей
Даналардың сөзіндей
Ұлы дала тұрғызды
Ұлы қала өзіндей.
Астанам
Астанамның төрінде,
Сарыарқаның өрінде,
Ту ұстаған Астанам
Әсем қалам, бас қалам.

3-оқушы: Егізбай Інкәр
Қадамың бар баспаған,
Асуың бар аспаған,
Халқың жетсін мұратқа,
Ей, бас қала Астанам!

4-оқушы: Сарымсакова Аллана
С Днем рожденья тебя, Астана! И на многие лета
Я желаю тебе созиданья, любви и добра.
Пусть тебя прославляют акыны, певцы и поэты,
И несут по стране твое звонкое имя ветра.
Астана! – это мчится тулпар по степям Казахстана.
Астана! - это солнечный лучик и звездная пыль.
Астана! - это золото хлеба, домбра и курганы.
Астана!- это древность и молодость, сказка и быль.

5- оқушы Ильченко Кира
Астана — сердце Казахстана!
Мой город родной — Астана!
Там родилась я.
Там речка Ишим течёт

Так красивы её берега.
Астана — красивый город!
Жүргізуші 1: «Сәлем Астана!» ән шашуды қабыл алыңыздар!
(1-топ балалары өнер көрсетеді.)
Ведущий 2: Принимайте музыкальный подарок «Астана здравствуй столица!»
(Выступает дети 1-го отряда.)
Жүргізуші 1: Кешімізді «Астана вальс» биімен жалғастырамыз. Қошеметпен қарсы алайық!
(Барлық топтың бишілері өнер көрсетеді.)
(Выступают танцоры всех отрядов.)
Жүргізуші 1: Балалар, Астана – еліміздің бас қаласы. Әр елдің баласы өз отанын, туған жерін қадірлей білуі керек. Біз елдің болашақ патриоттарымыз. Үлкендеріміз жасап берген ұлы жолды алдағы уақытта жалғастыруымыз керек. Соған байланысты сіздерге **«Ойлы болсаң – озып көр» айдарын ұсынамыз**.
Ведущий:
Викториналық сұрақтар. «Ойлы болсаң – озып көр» айдары.
1. Қазіргі кезде Астана қаласының тұрғындарының саны қанша адамға жетті? (1милон 558мың 501 адам)
2. Как раньше называлась Астана? (Акмола, Целиноград)
3. Астана рәмізі «Бәйтеректің» ұзындығы не себептен 97 метр? (Бұл сан астананың Алматыдан Астанаға 1997 жылы көшірілуіне байланысты)
4. Как называется одна из достопримечательностей Астаны, расположенная в центре, имеющая высоту 97 метров и огромный шар на самом верху?
(Байтерек)
5. Жаңа көпірдің ұзындығы (214 метр)
6. На какой реке стоит столица Казахстана - Астана? (Ишим)
7. Жаңа көпірге қандай ат берілді? («Сарыарқа»)
8. Перечислите все столицы Казахстана? (Оренбург, Кызылорда, Алматы, Астана)
9. Астанадағы ең басты қатынас жолы (Республика даңғылы)
10. Какие достопримечательности нашей столицы вы знаете ?
(Байтерек, Конгресс - Холл, Хан Шатыр)
11. Қазақстанның схемалық картасы іспетті парк қалай аталады? («Атамекен»)
Тапқан балаларға сыйлықтар үлестірледі

Жүргізуші 1: Алтынай Жорабаеваның «Астана» әнінің хорын тамашалаңыздар!
(барлық топ қатысады)
Ведущий 2: Наслаждайтесь хоровым исполнением песни «Астана» Алтынай Жорабаевой!
(Участвуют все группы.)

Қортынды:
Астана – үлкен армандар жетегіне еріп, жаңа қала, үлкен шаһар, әлемдік орталық жасалады деген биік мақсаттармен салынған қала.
Бізде тек, Астана – бар қазақтың алтын бесігі, әлемнің қызыға көз тіккен бекзат қаласы болса деген арман бар.
Бізде тек, Астана дегенде бар қазақ еленděп, қазақ дегенде Астананың ашық аспаны жарқырай түссе екен деген тағы бір тілек бар.
Осымен, бүгінгі кешімізді аяқтаймыз!
Жүргізуші 1: Құрметті достар, бүгінгі кешіміз өз мәресіне жетті. Барлық қатысушыларға алғысымызды білдіреміз.
Ведущий 2: Дорогие друзья, спасибо за ваши таланты и прекрасное настроение. До новых встреч!
Екеуі бірге: Келесі кездескенше, аман-сау болыңыздар!

Оқу-сауықтыру кешенінің директоры **А.Т. Маденова**

«Бөбек» ҰҒПББСО
оқу сауықтыру кешенінің
2025 жылғы 17 маусым 08 шілде аралығындағы
медициналық ауысым есебі
Бала саны – 110, 5-6-7 сынып оқушылары;
Ауысым тақырыбы: «Денсаулық ақиқаты»

Аймақ бойынша сауықтырылған балалардың сандық көрсеткіші

№ р/н	Облыстар атауы	Балалар саны	
		жоспарға сәйкес	нақты келген
1	Астана қаласы	10	10
2	Алматы қаласы	-	1
3	Алматы облысы	-	2
4	Ақмола облысы	10	10
5	Жамбыл облысы	10	10
6	Батыс Қазақстан облысы	10	10
7	Қарағанды облысы	10	10
8	Қостанай облысы	10	10
9	Маңғыстау облысы	10	10
10	Павлодар облысы	10	9
11	Солтүстік Қазақстан облысы	10	8
12	Шығыс Қазақстан облысы	10	10
13	Ұлытау облысы	10	10
	Қорытынды	**110**	**110**

Жол жүрерде ауырып қалуларына байланысты Солтүстік Қазақстан облысынан 2 бала, Павлодар облысынан 1 бала келмеді, орындарына Алматы облысынан 2 бала (облыстық арнаулы қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығынан 1 бала, Қапал батыр атындағы мектептен 1 бала) және Алматы қаласы төмен отбасы балаларына арналған №10 мектеп-интернатынан 1 бала қабылданды.

Балалардың әлеуметтік жағдайы

Әлеуметтік жағдай	абс. сан	%
Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар	9	8,1
Аз қамтылған отбасынан	22	20,0
Жетім балалар	2	1,8
Көп балалы отбасынан	71	64,5
Жалпы балалардың ішінен - ауылдық	76	69,1
- қалалық	34	30,9
Экологиялық қолайсыз аймақтан келген балалар саны:		

1. Қарағанды облысы: - Шахтинск қаласы - 10 2. Павлодар облысы - Аққулы ауданы – 4 3. ШҚО: - Алтай ауданы - 5	19	17,3

Қабылдау кезінде жұқпалы аурулардың алдын-алу мақсатында, дәрігерлер мен мейірбикелер балаларды битшеңдік, котыр мен қышыма және жұқпалы ауруларға қарап тексеріп, балалардың денсаулығы туралы қорытындыны медициналық картаға (нысан №003/у) 2020 жылғы 30 қазандағы №907 ҚР ДСМ - 175/2000 бұйрығымен тіркелген.

Ауысым барысында күнделікті дәрігерлердің медициналық тексеруі, жалпы иммунитет көтеретін сауықтыру рәсімдері тағайындалды: жеткілікті толық түнгі ұйқысы және күндізгі демалысы үйлестірілген емдік-қорғау тәртібі, күніне 6-мезгіл емдік-сауықтыру-тамақтандыру (диета) №15; 3-ші тағамға «С» дәруменін қосу; климат әсерімен емдеу (күн, ауа ванналары); шунгитотерапия (жалаң аяқ жүру); галотерапия (тұзбен емдеу); криотерапия (табандарын мұз кесегімен уқалау), көзге арналған жаттығу, таңертеңгілік жаттығу және бейімделген дене шынықтыру, инфекцияның созылмалы ошақтарын емдеу және әр балаға оның жасын, физикалық және психоэмоционалды жағдайын ескере отырып, жеке сауықтыру бағдарламасы жасалынды.

Балалардың аурушаңдық құрылымы

№	Аурулардын атауы	абс. саны	%
1	Ақуыз-энергетикалық жетіспеушілігі	5	4,5
2	Артық дене салмағы	6	5,4
3	Жиі ауыратын бала (бадамша таңлай гипертрофиясы, созылмалы тонзиллит, ринит, мұрын пердесінің қисаюы, созылмалы пульпит, созылмалы периодонтит, кариес, тістің орналасу аномалиялары)	80	72,8
4	Қан аздық	18	16,4
5	Көз ауруы (мүгедек - инвалид по зрению)	1	0,9
	Қорытынды:	**110**	**100**

Лор дәрігері мен тіс дәрігерінің (стоматологтың) мұрын - жұтқыншақ, тіс және ауыз қуысы инфекциясының созылмалы ошақтарын профилактикалық тексеруі және емі жүргізілді.

Мамандар	Жалпы балалар саны	Мұқтаж	Емделді
Тіс дәрігері	110	59/53,6%	51/86,4%
Лор дәрігері	110	9/8,2%	9/8,2%

Жеке физиотерапиялық процедураларды ауруға байланысты әр балаға дәрігер/физиотерапевт тағайындады және жеке қажеттілігіне қарай балаларға күніне 2-3 түрлі физиопроцедуралар түрі жүргізілді.

Физиотерапиялық процедуралар түрі

Физиопроцедуралар түрі	Процедура саны/процедура бірлігі
Альфакапсула	100/500
«Биоптрон» шамы	276/414
Дарсонваль тоғы	127/317,5
Магнитпен емдеу	203/609
Жылумен емдеу (теплон)	61/183
Емдік уқалау (массаж)	550/1100
Электрофорез	112/224
УЗТ терапия	15/37,5
СМТ терапия	42/126
Сумен емдеу (ванна)	125/250
Ингаляция	235/235
Галотерапия	1650/1650
Шунгитотерапия	2200/2200
Криотерапия (табандарын мұз кесегімен уқалау)	1100/1100
Парафинмен емдеу	40/100
Ультра фиолетті сәулелендіру (УФО)	550/825
Қорытынды	**7386/9871**

Сауықтыру тиімділігі: денсаулығы айтарлықтай жақсарған және едәуір жақсарған балалар саны 107/97,3%, өзгеріссіз 3/2,7%.

Сенсорлық бөлмеде балалармен топтық реалаксация сағаттары өткізілді. Оқу-тәрбие және демалыс іс - шаралары, конкурстар, шығармашылық шеберхана және жобалар жоспарға сәйкес өткізілді.

Ата-аналар пікірлері:

Уважаемые воспитатели!
Благодарю вас за вашу любовь, поддержку,отзывчивость, организованность! Благодарю вас за то время которое вы провели весело и полезно с нашими детьми! Желаю вам успехов, благополучия и хорошего настроения!
10:32
Көшіріп жөнелтілді
Добрый день, уважаемые педагоги!
Позвольте выразить глубокую благодарность за ваш труд,терпение и внимательность к детям . На протяжении всего сезона дети чувствовали вашу доброту ,теплое отношение и заботу. Вы сделали их отдых незабываемым
Спасибо ВАМ, БУДЬТЕ ЗДОРОВЫ И СЧАСТЛИВЫ
10:32
Көшіріп жөнелтілді
Құрметті тәрбиеші апайлар! Сіздерге көп-көп рахмет. Жұмыстарыңызға сәттілік, дендеріңізге саулық тілеймін.

УОК
Бакыткуль Сагатбековна
Пересланное сообщение
Сәлеметсіздер ме?!
"Бөбек" сауықтыру лагерінің ұжымына алғыс білдіреміз.Еңбектеріңіз жана берсін.Денсаулық, күш-қайрат тілеймін сіздерге
Бакыткуль Сагатбековна
Данное сообщение удалено.
Пересланное сообщение
Ар бір күндерын кызыкты,,денсаулыкка пайдалы,жана таныстыкка толы откызып жаттыныздар,ар бырын камтып жатсындар Алладан еселеп кайтсын
Пересланное сообщение
Бобек Алматы ужымы сыздерге мын алгыс,доча в восторге,жумыстарыныздын жемысын корыныздер
Пересланное сообщение
Кордайдан Айарудың анасымын. Алғысым шексіз
Пересланное сообщение
Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман болсын! Ұзақ өмір мен мықты денсаулық тілеймін!

Оқу-сауықтыру кешенінің директоры **А.Т. Маденова**

Фото-есеп

Ауысым барысындағы күнделікті балалар дәрігерлерінің медициналық тексеруі және бақылауы.

Лор дәрігері мұрын - жұтқыншақ, құлақ инфекциясының созылмалы ошақтарын профилактикалық тексеруі және емі

Сауықтырылуға келген барлық балалар стоматологиялық кабинетте профилактикалық тексеруден өтеді және тістер мен қызылиек аурулары болған жағдайда тиімді ем алады.

Балалардың денелік (физикалық) даму деңгейін анықтау үшін түрлі функционалдық сынамалар жасалынады, яғни баланың жатқан күйіндегі пульс жиілігі мен артериалды қысымы (Генче сынамасы) өлшенеді

Альфа массажды капсула денсаулықты сауықтыру, оңалту және жағымды музыкалық терапия әдісі ретінде қолданылады. Балалардың көңіл-күйін көтеріп, рухани және физикалық денсаулығын жақсартады

Полярланған жарық тарататын «Биоптрон» сәулесі балаларға жағымды, қауіпсіз емдеуді ұсынады және ағзаның қорғаныс жүйесін арттырады. Биоптрон сәулесі әр түрлі аллергия және тері ауруларында, тыныс жолы ауруларында ағзаны сауықтыру үшін қолданылады.

Ультракүлгін сәулелерімен емдеу - ағзаның қызметін ынталандырудың тиімді құралдарының бірі. Оқу-сауықтыру кешенінде ультракүлгін сәулелері суықтың алдын алу және иммунитетті нығайту мақсатында кеңінен қолданылады.

Ультрадыбыстық терапия – емдік мақасатта ультрадыбыс қолданатын емдеу әдісі. Ауыспалы акустикалық қысым тіндердегі температураның жоғарылауына әкеледі, микроайналымды жақсартады.

Галотерапия - бұл денсаулықты нығайту үшін аурудың алдын-алу, сауықтыру және оңалту әдісінің бір түрі. Балалар сауықтыру ауысымы кезінде рухани рухани және физикалық денсаулықтың күш-қуаты мен үйлесімін арттыруға ықпал ететін галотерапия емдік шараларын күнде қабылдайды.

Нүктелі массаж - организмнің биологиялық активті нүктелеріне әсер ететін емдеудің ең көне әдістерінің бірі.Бетке арналған нүктелі өзін-өзі массаж жасау сауықтыру әдістемесі болып табылады және нүктелі өзін-өзі массаж жаттығулары рухани физикалық денсаулықтың үйлесіміне ықпал етіп, балаларды өздеріне қамқорлық жасауға үйретеді

Парафин-озокеритпен емдеу - тырысқан бұлшық еттерді босаңсытуға және қабыну аурулары мен олардың алдын алуға ықпал ететін жылулықпен емдеу әдісі. Аталған процедура суықтың алдын алу, тыныс жолы ауруларында ағзаны сауықтыру үшін және иммунитетті нығайту мақсатында кеңінен қолданылады.

Ингаляциялық терапия - жоғарғы тыныс жолдарының ауруларының алдын алу және емдеудің ең қауіпсіз және тиімді әдістерінің бірі . Ингаляция қабылдау кезінде препараттар тыныс алу жолдарына тез және тиімді әсер етеді.

 Жылу терапиясы - бұл емдік мақсатта қолданылатын, иммундық жүйені нығайтатын, жүйке жүйесін тыныштандыратын магнит өрісі. Қызыл жарық пен магниттік сәулеленудің импульсті сәулеленуі аллергиялық жағдайларда тиімді, шырышты ісінудің алдын алып, мұрынның ағуы мен бітелуін және тамақ аурын жояды.	 Амплипульстерапия- күші төмен айнымалы синусоидальды модульдік токтармен әсер ететін электрмен емдеу әдісі. Оқу-сауықтыру кешенінде бұл әдіс сауықтырудың жұмсақ және мүлдем қауіпсіз әдісі ретінде кеңінен қолданылады.
 Дарсонваль - физиотерапиядағы сауықтыру - емдеу әдістерінің бірі. Дарсонваль аппаратын күнделікті қолдану балаларға суықтың алғашқы белгілерімен күресуге, иммунитетті нығайтуға, ас қорыту жүйесінің жұмысын қалыпқа келтіруге, көгерген кезде ауырсыну мен қабынуды жеңілдетуге, жүйке жүйесін тыныштандыруға мүмкіндік береді.	 Табан аймағында белсенді биологиялық аймақтар шоғырланғаны белгілі, олар ішкі ағзаның жұмыс белсенділігін арттыруға үлес қосады. Денсаулықтарын оңалтуға келген балаларға мұз түйіршіктерімен массаж жасау арқылы бала денесінің әр түрлі жүйелерінде елеулі оң жылжуды ынталандыратын, терінің температурасы рұқсат етілген деңгейдің төменгі шегіне дейін төмендеген кезде жедел реакцияға және сауықтыруға бағытталған бұл әдіс кеңінен қолданылады.

Магнитотерапия- бұл төменжиілікті ауыспалы немесе тұрақты магнит өрісі қолданылатын физиотерапия әдісі. Физиотерапияның бұл әдісін оқу-сауықтыру кешеніне денсаулықтарын оңалтуға келген балаларға жоғарғы тыныс жолдарының аурулары, көз патологиясы, өт шығару жолдарының қабыну кезінде сауықтыру және оңалту үшін кеңінен қолданылады.

Су және душтың әртүрлі түрлерімен емдеу балалардың денсаулығын оңалту мақсатында қолданылады. Судағы пайдалы заттар тері тініне терең еніп, ағзаға оң әсер етеді және сауықтырудың пайдалы түрлерінің бірі болып табылады.

«Денсаулық жолы» табиғи миенаралды тастардан, керамзиттен және тазартылған кәдімгі құмнан жасалған.
Балалар күн сайын 5 минуттан тәрбиеші мен медбикенің қатысуымен денсаулық жолында жаттығады. Өсіп келе жатқан организм үшін баланың аяғындағы белсенді нүктелерге әсер ету өте пайдалы, аяқ пен тобық буынындағы қимыл қозғалыс пен жалпақтабандылықтың алдын алудың бірден-бір жолы.

Организмнің дем алу мен дем шығару үйлесімділігін сақтау мақсатында таңғы жаттығулар жиынтығы күнде таңертең өткізіледі. Балаларға арналған таңертеңгілік жаттығулар ұйқыдан оянуға, күні бойы сергектік пен көңіл-күй сыйлап, жұмыс қабілетін арттыруға әсер етеді.

Ұлы ақын, дана ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Өлең – сөздің патшасы» атты әдеби оқулар байқауы өтті.
Балалардың поэзияға деген сүйіспеншілігі мен шабытты орындаулары кештің шырайын аша түсті.
Әдеби кеш соңында барлық қатысушы балаларға мадақтама қағаздары табысталып, олардың өнері мен талпынысы құрметпен атап өтілді.

Бөбек» орталығының жасыл әлемі таңғажайып әрі керемет! Сауықтыру ауысымына келген балалар үшін «Бөбек» орталығының жылыжайына саяхат ұйымдастырылды. Онда өсірілетін өсімдіктердің пайдасы туралы қызықты ақпарат алып, баптаудың қыр-сырымен танысты.

«Менің жасыл әлемім!» атты жобаға байланысты балалар «Бөбек» аумағындағы әдемі және сирек кездесетін өсімдіктерді қылқалам арқылы бейнелеп, өздерінің шығармашылық жұмыстарын ұсынды. Мұндай жобалар балалардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттырып, оны аялау мен қорғаудың маңызын түсінуге септігін тигізеді.

«Астана күні» мерекесіне орай «**Ару Астанам – мәңгілік елордам!**» атты мерекелік концерттік бағдарлама өткізілді. Концертте сауықтыруға келген балалар ән салып, би билеп, өлең оқып, өз өнерлерін ортаға салды. Осындай мәдени іс - шаралар балаларды ұйымшылдыққа, достық қарым - қатынасқа баулып, сахна мәдениетіне тәрбиелейді.

2025 жылғы 17 маусымда бастауыш сынып мұғалімі Сапаралиева Салтанат Алтынбекқызы “Бастауыш сынып - білім негізінің алғашқы баспалдағы” тақырыбында тікелей эфирда сөз сөйледі. Өз сөзінде балалардың жасына, қабілетіне және бейімділігіне сәйкес оңтайлы дамуына мүмкіндік беретін тиісті дағдылар мен әлеуметтік қабілеттерді дамытудың негізгі баыттарын атап, балаларды ынталандыру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, ойын – жаттығу және тәжірибе арқылы бастауыш сыныптарда білім сапасын көтеру білімнің басты негізі екенін атап өтті

Ата-аналар пікірлері:

Әлеуметтік желілердегі посттарға сілтемелер

1. **Тікелей эфирге анонс**
https://www.instagram.com/p/DK-KcoKK7Yh/?igsh=bnlzbnIzY3Ewb3Q42
2. Тікелей эфир. Бастауыш сынып- білім негізінің алғашқы баспалдағы
https://www.instagram.com/p/DLEcyOeK6QI/?igsh=MTV6cnlneGIwNWI1YQ==
3. Скэнар- терапия
https://www.instagram.com/p/DKJkbJyqdw7/?igsh=azA2MjVjZmdncXFy
4. Бейімделген дене шынықтыру
https://www.instagram.com/p/DLXJassKbXy/?igsh=MTVnYmtjNjE4d2hxeQ==
5. «Өлең –сөздің патшасы» Абай оқулары байқауы
https://www.instagram.com/p/DLjTDQfCODV/?igsh=bzJ1Z3JkbDA0aHY3
6. Судың емдік қасиеті
https://www.instagram.com/p/DL4jnMNisxW/?igsh=dmkwNTczM2IyODc2

Ауысым туралы бейнематериалдар (ролик)
https://drive.google.com/file/d/14C9_Y5V-fD3zE4RmIKT8oKhWmw56i84i/view?usp=drive_link